

Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі



«Қазгидромет» РМК

2025 ж. «30» шілде күніне арналған

**Қазақстан Республикасының таулы аймақтары бойынша жауын-шашындық генезисі
бар сел қаупінің күнделікті бюллетені №60**

(Бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2025 жылғы 29 шілде сағат 20:00-ден 30 шілде сағат 20:00-ге дейін)

құрастырылған күні: 29.07.2025 ж.

Мекен жайы: Алматы қ., Абай көшесі, 32
Астана қ., Мәңгілік ел,

Сел үдерістерін зерттеу және
селді болжау басқармасының
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Тойшыманова А.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2025 жылғы «30» шілде

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

Облыстар	Сел қауіп бар аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Қар дақтары 4000 м биіктіктен жоғары жатыр. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 4409 м биіктікте болды. Ауа температурасының біртіндеп төмендеуі күтілуде, орташа тәуліктік ауа температурасы 4,3 °С төмендеді, биік таулы аймағында 2,8 °С. Мұздықтардың еруі жалғасуда, өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. Кей жерлерде жаңбыр, найзағай, күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (1-20 мм), бұршақ. Іле Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендері алаптары үшін, сел қалыптастырушы факторлардың критериалды мәндеріне жеткен кезде, дауылды ескерту берілетін болады. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз.
	Күнгей Алатауы	Қар дақтары 4000 м биіктіктен жоғары жатыр. Ауа температурасының біртіндеп төмендеуі күтілуде, орташа тәуліктік ауа температурасы 5,5 °С төмендеді. Мұздықтардың еруі жалғасуда, өткен тәулікте бөлек өзендерде су деңгейінің өсуі байқалды. Кей жерлерде жаңбыр, найзағай, күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (1-28 мм), бұршақ. Қарқынды ұзаққа созылған жауын-шашын кезінде Күнгей Алатауында селдердің қалыптасуы мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
	Теріскей Алатау	Қар дақтары 4000 м биіктіктен жоғары жатыр. Ауа температурасының біртіндеп төмендеуі күтілуде, орташа тәуліктік ауа температурасы 2,8 °С төмендеді. Мұздықтардың еруі жалғасуда, өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. Кей жерлерде жаңбыр, найзағай, күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (1-20 мм), бұршақ. Қарқынды ұзаққа созылған жауын-шашын кезінде Теріскей Алатауында селдердің қалыптасуы мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
Жетісу	Жетісу Алатауы	Қар дақтары 4000 м жуық және одан жоғары жатыр. Ауа температурасының біртіндеп төмендеуі күтілуде, Жетісу Алатауының солтүстік-батыс бөлігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 6,0 °С төмендеді; батыс бөлігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 4,6 °С төмендеді. Мұздықтардың еруі жалғасуда, өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. Кей уақыттарда жаңбыр (1-10 мм), найзағай, бұршақ. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Қар дақтары 4000 м биіктіктен жоғары жатыр. Ауа температурасының біртіндеп төмендеуі күтілуде, орташа тәуліктік ауа температурасы 1,6 °С төмендеді. Мұздықтардың еруі жалғасуда, өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Қар дақтары 4000 м биіктіктен жоғары жатыр. Ауа температурасының біртіндеп төмендеуі күтілуде, орташа тәуліктік ауа температурасы 0,8 °С төмендеді. Мұздықтардың еруі жалғасуда, өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. Күндіз өткінші жаңбыр (1-6 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	

Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Ауа температурасының біртіндеп төмендеуі күтілуде, орташа тәуліктік ауа температурасы 1,1 °С төмендеді. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Ауа температурасының біртіндеп өсуі күтілуде, орташа тәуліктік ауа температурасы 1,8 °С төмендеді. Кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Ауа температурасының біртіндеп өсуі күтілуде, орташа тәуліктік ауа температурасы 4,7 °С төмендеді. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Қазақстандық Алтай	Ауа температурасының біртіндеп өсуі күтілуде, Қазақстандық Алтайдың территориясында орташа тәуліктік ауа температурасы 3,2 °С төмендеді. Кей жерлерде жаңбыр (1-7 мм), найзағай, күндіз бұршақ, дауыл. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 30 мм (өте қатты жаңбыр) және нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 40 мм	Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.
	Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.	Қауіптілік жоқ	Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2025 жылғы «30» шілдеге
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Кей жерлерде жаңбыр, найзағай, күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (1-20 мм), бұршақ. Батыстан, солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей уақытта екпіні 18-23 м/с. 2000 м: ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 17-22 градус жылы. 3000 м: ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 10-15 градус жылы.
Күнгей Алатау	Кей жерлерде жаңбыр, найзағай, күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (1-28 мм), бұршақ. Батыстан, солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей уақытта екпіні 18-23 м/с. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 19-24 градус жылы.
Теріскей Алатау	Кей жерлерде жаңбыр, найзағай, күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (1-20 мм), бұршақ. Батыстан, солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей уақытта екпіні 18-23 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 19-24 градус жылы.
Жетісу Алатау	Кей уақыттарда жаңбыр (1-10 мм), найзағай, бұршақ. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. 2000 м: ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 13-18 градус жылы. 3000 м: ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 11-16 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, таңертең және күндіз екпіні 23-28 м/с. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 24-29 градус жылы.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, таңертең және күндіз екпіні 23-28 м/с. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 24-29 градус жылы.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	күндіз өткінші жаңбыр (1-6 мм), найзағай болады. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13, күндіз екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 20-25 градус жылы.
Өгем жотасы	Күндіз өткінші жаңбыр (1-6 мм), найзағай болады. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13, күндіз екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 24-29 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Жел солтүстіктен батысқа ауыспалы, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 18-23, күндіз 28-33 жылы.
Сауыр	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 15-20, кей жерлерде 10, күндіз 25-30, кей жерлерде 22 градус жылы.
Тарбағатай	Кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, күндіз екпіні 25 м/с. Ауа температурасы түнде 18-23, кей жерлерде 15, күндіз 28-33 градус жылы, кей жерлерде 36 градус қатты ыстық.
Қазақстандық Алтай	Кей жерлерде жаңбыр (1-7 мм), найзағай, күндіз бұршақ, дауыл. Оңтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, күндіз екпіні 25 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, кей жерлерде 10, күндіз 28-33, кей жерлерде 25 градус жылы.